**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің**
**Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі**

**«Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің**

# ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**03.05-10.05.2024 жыл**

**Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы корытынды**

ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасы
(*білім беру ұйымының атауы*)

Ақтөбе қ. Кобландина 10
(қорытындыны жасау орны)

«10» 05 2024 ж
16 сағат 30 мин

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (*бұдан әрі – Заң*), «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығын (*бұдан әрі-Бағалау өлшемшарттары*) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті (*бұдан әрі – Департамент*) 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасы 2024 жылдың «3-10» мамыр аралығында мемлекеттік аттестаттау өткізілді.

Мемлекеттік аттестаттау Департаментінің 2024 жылғы 2 мамыр №241 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

1. Колкабаев Бекмурат Терекбаевич –Білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасы;
2. Мурзабекова Алтыншаш Каирхановна- «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ-нің «№31 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгеруші, комиссия мүшесі
3. Нағыметова Гүлмира Әлібекқызы - «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ-нің «№4 «Көктем» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК меңгерушісі, комиссия мүшесі
4. Жантурсина Гаухар Сабыровна - «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ-нің «№ 25 «Ерке» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі.
5. Аскербекова Акгуль Аскербековна - Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы» МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі

Комиссия мемлекеттік аттестаттаудың бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымы ұсынған өзін-өзі бағалау материалдарын(*өзін-өзі бағалау анықтамасы мен өзін-өзі бағалау бойынша құжаттарының көшірмелері*) пайдаланып білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп және оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасы қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

| **1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет** | |
|---|---|
| 1) | ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасы |
| 2) | **білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және накты орналасқан жерінің мекенжайы**)<br>Актөбе облысы, Шалқар ауданы, Шалқар қаласы, Есет батыр көшесі №21 үй |
| 3) | **заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт**)<br>тел: 8 (71335) 24363 – жұмыс нөмірі; e-mail:nur-tilekbb@mail.ru сайт: http://nur-tilek.kz. инстаграм парақшасы: nurtilekbalabaksha. |
| 4) | **заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі**): Бекмурзина Гульнара Жаксылыковна, 04.12.2018ж №01-2 бұйрығымен меңгеруші қызметіне тағайындалды. |
| 5) | **құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не кайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)** |

| | |
|---|---|
| | «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» комерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Шалқар аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі Заңды тұлғаны мелекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. Берілген күні: 14.06.2023ж. Алғашқы тіркелген күні 02.11.2012 жыл. БСН 121140001127<br>«Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасы» Жарғысы 07 қыркүйек 2023 жылғы жалғыз құрылтайшы Ж.С.Нурмаганбетованың №1 шешімімен бекітілген. |
| **6)** | <u>**рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)**</u><br>Мектепке дейінгі ұйым қызметінің тәртібіне сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламасы бар. № KZ92RVK00006300. 19.11.2015ж. |
| **9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:** | |
| **9.1)** | **оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген** *(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген)* **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен** *(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген)* **бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;**<br>**Талдау нәтижелері:** ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасы 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша бекітілген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелерін зерделеуге ұсынған. Құжаттарды зерделеу барысында: 2021-2022 мен 2022-2023 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы *(өзгеріс:12.05.2020 №195 бұйрығы)* негізінде жасалынған, бұдан сол кезде қолданыста болған ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» <u>2 тарауының 4 тармағының 1) тармақшасы талаптарына</u> *сәйкес келеді.*<br>Оқу жұмыс жоспарлары 2021-2022, 2022-2023,2023-2024 оқу жылында кіші, ортаңғы, ересек, топтарына арнап құрылған; сағат сандары үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.<br>2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған ҰОҚ кестелері бекітілген, оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді.<br>2023-2024 оқу жылына арнап құрылған оқу жұмыс жоспары үш жас ерекшелігіне арналған, 3 топқа( 1- кіші, 1- ортаңғы ,1- ересек ) арнап құрылған. Оқу жұмыс жоспары Шалқар аудандық білім бөлімінің басшысымен келісілген, ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасы меңгеруші қолымен бекітілген.<br>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 ж. №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. №557 бұйрығының 2- қосымшасы «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары»*( жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022* <u>*№ 394*</u> /алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) негізінде кіші, ортаңғы және ересек топтың тәрбиеленушілеріне арналған және 3- қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)» ( жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 <u>№ 394</u> (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) негізінде мектепалды |

| | |
|---|---|
| | топ тәрбиеленушілеріне арналған оқу жұмыс жоспары құрылған. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің апталық жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сай келеді. |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1- қосымшасының 2 –тарауының 4- тармағының 3- тармақшасының талаптарына сәйкес келеді. |
| **9.2)** | **білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген** *(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген)* **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына** *(вариативті, жеке, бейімделген, қосымша)* **сәйкес іске асыру.**<br>**Талдау нәтижелері:** Аталған өлшемшарттар негізінде ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында бағалау кезеңі бойынша ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасы жас ерекшелігі – кіші топ, ортаңғы топ, ересек тобына қатысты перспективалық жоспарлар, циклограммалар, ҰОҚ кестесі ұсынылған. Өтпелі тақырыптар өткен 2 оқу жылына бекітіліп ұсынылған.<br>2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарына арналған топтардың перспективтік жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен( *өзгеріс: ҚР Білім және ғылым министрінің 24.09.2020 № 412 бұйрығы*) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде жасалған.<br>2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдары перспективалық жоспарлары «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына сәйкес құрастырылып және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы іске асырылған.<br>2023-2024 оқу жылындағы перспективтік жоспар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығын ( бұдан әрі-Бұйрық) басшылыққа алып құрылған. |

| № р/с | Ұйымдастырылған іс-әрекет* | Жас топтары<br>кіші топ<br>(2 жастағы балалар ) |
|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын |
| 3 | Сенсорика | күн сайын |
| 4 | Қоршаған ортамен таныстыру | күн сайын |
| 5 | Сурет салу | күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| 6 | Музыка | аптасына бір рет |
| | Музыка **** | күн сайын |

| № | *Ұйымдастырылған іс-әрекет | Жас топтары<br>орта жас тобы<br>(3 жастан бастап ) | <br>ересек жас тобы<br>(4жастан бастап) |
|---|---|---|---|
| 1 | Дене шынықтыру | аптасына үш рет | аптасына үш рет |
| | Дене шынықтыру ** | күн сайын | күн сайын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| .2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | күн сайын |
| | Қазақ тілі | аптасына бір рет | аптасына бір рет |
| | Қазақ тілі *** | күн сайын | күн сайын |
| 3 | Сауат ашу негіздері | - | - |
| 4 | Математика негіздері | күн сайын | күн сайын |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу | күн сйын | күн сайын |
| 6 | Сурет салу | күн сайын | күн сайын |
| | Мүсіндеу | | |
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7 | Музыка | аптасына бір рет | аптасына екі рет |
| | Музыка **** | күн сайын | күн сайын |

Циклограммалар 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына барлық топтарға бекітіліп ұсынылған. Циклограммалар перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылған: балаларды қабылдаудан бастап, ұйымдастырылған оқу қызметі (2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша- ҰІӘ), серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етіп құрылған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына күн тәртібінің көшірмелері бағалау кезеңіне ұсынылған.

Сонымен қатар 2021-2022 оқу жылдарына ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесінің көшірмелері ұсынылған, кестеде барлық ҰІӘ атаулары, апталық сағат сандары оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді. Вариативтік компонеттер қамтылған.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1- қосымшасының 2 – тарауының 4- тармағының 4- тармақшасының талаптарына сәйкес келеді.

**9.3** **Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;**

**Талдау нәтижесі:**

**Кадрлық құрамға талдау**

ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасының ұсынған материалдары бойынша бағаланатын кезеңге кадрлық құрамы талданды: 2023-2024 оқу жылында ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасында жас ерекшелігі 2 жастан 4 жас аралығындағы 3 топ жұмыс жасайды. Олар: кіші жас тобы, орта және ересек тобы.

ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасының 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылына арналған штаттық кестесі балабақша меңгерушісінің қолымен мекеме мөрімен бекітіліп ұсынылған.

2023-2024 оқу жылына арналған штаттық кестесі бойынша:

| | Лауазымдардың атауы | Үлгілік штаттық кестеге сәйкес | ББ –нің бекітілген штаттық кесте бойынша(ш.б) |
|---|---|---|---|
| 1 | Меңгеруші | 1 | 1 ш.б |
| 2 | Әдіскер | 0,5 | 0,5 ш.б |
| 3 | Тәрбиеші | 1,125*1 | 6 ш.б |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | Психолог | 0,5 | 0,5 ш.б |
| 6 | Муз.жетекші | 0,25*1 | бос орын |

**Білімі мен мамандығы бойынша**

Өзін-өзі бағалау анықтамасы бойынша «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасында ағымдағы оқу жылында 7 педагог жұмыс жасайды. (2- қосымшада берілген Қ.Т.Исаева және Ж.Р.Берденова қазіргі таңда декреттік демалыста) (меңгеруші –1, психолог – 1, тәрбиеші-5) Бөбекжай-бақшасы сайтына 2021-2022, 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылының кадрлар құрамы бойынша әдістемелік ұсынымның 2-қосымшасына сәйкес кесте ұсынылған. 2- қосымшадағы мәліметтер бойынша:

Педагогтардың білімі туралы мәлімет

| № | Аты-жөні | Бітірген оқу орны, бітірген жылы, мамандығы |
|---|---|---|
| 1 | Бекмурзина Гульнара Жаксылыковна | Жоғары, Қазақстан инженерлі-педагогикалық халықтар Достығы университеті, 2014жыл «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» |
| 2 | Исаева Құралай Тлеуғазықызы **(декреттік демалыста)** | Арнаулы орта, Ақтөбе гуманитарлық колледжі, 2014жыл «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» |
| 3 | Шаштыбаева Клара Ұлықбанқызы | Жоғары, Қ.Жұбанов институты, 1993жыл «Мектепке дейінгі педагогика және психология» |
| 4 | Амангожина Асем Адилжановна | Жоғары, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институт, 2012жыл «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» |
| 5 | Ембергенова Аида Темірболатқызы | Жоғары, Баишев университеті, 2019жыл «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» |
| 6 | Берденова Жансая Рақымжанқызы **(декреттік демалыста)** | Жоғары, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті 2016жыл «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» |
| 7 | Қоқашова Гүлайым Қожахмет-Ястауиқызы | Арнаулы орта, ЖМ «Рауан көпсалалы» колледжі, 2019жыл «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» |
| 8 | Кетебаева Жанаргүл Өмірбекқызы | Жоғары, Қ.Жұбанов ат.Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті 2019жыл «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» |
| 9 | Дүзбаева Тұрсынай Серболатқызы | Арнаулы орта, Көпсалалы «Болашақ» колледжі 2019жыл «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» |

**Бағалау кезеңі бойынша :**

| Оқужылдары | Барлық педагогтар | Мектепке дейінгі жоғарғы білімді | Жоғары пед.білім | Мектепке дейінгі арнаулы орта білімді | Педагогикалық білімі жоқ |
|---|---|---|---|---|---|
| 2021-2022 оқу жылы | 9 | 6-(67%) | | 3-(33%) | 0 |
| 2022-2023 оқужылы | 9 | 6-(67%) | | 3-(33%) | 0 |
| 2023-2024 оқужылы | 7 | 5-(74,1%) | | 2-(28,6%) | 0 |

Талдау барысында «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасында 2023-2024 оқу жылында жұмыс жасайтын барлық 7 педагогтың "Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту" бағыты бойынша білімдері бар. Бұдан Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 22 тармағы «Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға жіберіледі» талабына сәйкес келеді.

**Біліктілік санаттары бойынша:**

Қағиданың 24 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» деп көрсетілген.

Осыған орай ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасы бойынша 2023-2024 оқу жылы негізінде әдістемелік ұсынымның 2 қосымшасына сәйкес педагогтар туралы мәлімет және ондағы біліктілік санаты көрсетілген кесте ұсынылған. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына келесідей мәліметтер ұсынылды:

Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме

| Оқу жылы | Педагог саны | Жоғары санат | Бірінші санат | Екінші санат | Педагог-зерттеуші | Педагог-сарапшы | Педагог-модератор | Санаты жоқ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2021-2022 оқу жылы | 9 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 (22%) | 7 (78%) |
| 2022-2023 оқу жылы | 9 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 2 (22 %) | 7(78%) |

Біліктілік санаттарын зерделеу барысында бөбекжай-бақшасы сайтында көрсетілген құжаттарда бойынша келесідей мәліметтер анықталды:

Аталған педагогтердің біліктілік санаты туралы бұйрық көшірмелері ұсынылған.

| р/с | Педагогтың аты-жөні | санаты | Бұйрық нөмері, берілген уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Шаштыбаева Клара Ұлықбанқызы | Педагог-модератор | №1-174 бұйрық 20.12.2021жыл |
| 2 | Амангожина Асем Адилжановна | Педагог-модератор | №2-335 бұйрық 31.08.2023жыл |
| 3 | Қоқашова Гүлайым Қожахмет-Ястауиқызы | Педагог-модератор | №1-174 бұйрық 20.12.2021жыл |
| 4 | Кетебаева Жанаргүл Өмірбекқызы | Педагог-модератор | №2-335 бұйрық 31.08.2023жыл |

Бұдан Қағиданың 24 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» талапқа сәйкес келеді. Әдістемелік ұсынымдағы 7 педагогтің 3 еуі біліктілігін арттырмаған. Олар: 1) Бекмурзина Г.Ж – еңбек өтілі 18 жыл 3 ай, лауазымы бойынша 5 жыл толып тұр. 2) Ембергенова А.Т. –еңбек өтілі 5 жыл 11 ай толып тұр. 3) Декреттік демалыста отырған Берденова Ж.Р орнына уақытша қызмет атқаратын Дүзбаева Т.С- еңбек өтілі 4 жыл 2 ай, еңбек өтілі 5 жылға толмау себебі жас маман болып табылады. Алайда бұл педагогтердің біліктілікті арттарудан өтпеуі себебі Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Н.Бертлеованың 2024 жылғы 10 қаңтардағы №01-03/73 шығыс номірімен жолданған хатында 2023 жылы қыркүйек-желтоқсан айларына жоспарланған педагогтерді аттестаттау форс-мажорлық жағдайларға байланысты барлық облыстарда тоқтатылуды белгілегені негізінде бұл педагогтер біліктілігін арттырмаған.

**Біліктілік арттыру курсынан өтуі бойынша**

Бағаланатын кезеңде басшылар мен тиісті бейін бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру мақсатында педагогтар біліктілік арттыру курстарынан 7 педагогтың 7 – еуі де өткен.

"Өрлеу" БАҰО және ПШО –нан курстан өткен педагогтер туралы мәлімет

| № | Аты-жөні | Лауазымы | Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарынан соңғы өткен мерзімі | Біліктілікті арттыру курстарынан өту орны (ұйым) |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Бекмурзина Гульнара Жаксылыковна | меңгеруші | 20.03.2024жыл | ҚР білім және ғылым министрлігі "Өрлеу" біліктілікті арттыру |
| 2 | Шаштыбаева Клара Ұлықбанқызы | Психолог-0,5 Тәрбиеші-1 | 26.04.2024 жыл | Педагогикалық шеберлік орталығы |
| 3 | Кетебаева Жанаргүл Өмірбекқызы | Тәрбиеші | 09.12.2022 жыл | «ТМД елдері бойынша білім жүйесін дамытудың халықаралық қоры» |
| 4 | Дүзбаева Тұрсынай Серболатқызы | Тәрбиеші | 26.04.2024 жыл | Педагогикалық шеберлік орталығы |
| 5 | Ембергенова Аида Темірболатқызы | Тәрбиеші | 26.04.2024 жыл | Педагогикалық шеберлік орталығы |
| 6 | Қоқашова Гүлайым Қожахмет-Ястауиқызы | Тәрбиеші | 26.04.2024 жыл | Педагогикалық шеберлік орталығы |
| 7 | Амангожина Асем Адилжановна | Тәрбиеші | 18.01.2024жыл | ҚР білім және ғылым министрлігі "Өрлеу" біліктілікті арттыру |

**Медициналық тексеруден өткені туралы**

Білім беру ұйымы тарапынан әдістемелік ұсыныдардың 2- қосымшаға сәйкес барлық педагогтардың медициналық тексеруден 2023-2024 оқу жылына өткендігі анықталмады. Бұдан Қағиданың 2 тарауының 25 тармағы «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптардың педагогтері "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зертттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер өткізу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) сәйкес жыл сайын медициналық *зерттеп-қараудан өтеді»* талабы орындалған.

-Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1-қосымшасына сәйкес «Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі – 100 %- 5 балл .

-Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі - 71 % – 2 балл

-Біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі – 100% - 5 балл

**Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету**

Қағиданың 1 тарауының 9 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады» -деп көрсетілген.

ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығын басшылыққа ала отырып білім беру ұйымын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылған және Әдістемелік ұсынымдардың 4-қосымшасына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы меңгерушімен

бекітілген мәліметтерін ұсынған.
Мектепке дейінгі білім беру ұйымын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер көшірмесі ұсынылған.








Ұсынылған 4 қосымшадағы *мәліметтері бойынша балабақша тарапынан* Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары», «Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдары», «Қимыл дағдыларын дамыту мен сауықтыруға арналған оқу және ойын материалдары» және «Шығармашылық дағдыларды, зерттеушілік әрекетті дамытуға арналған оқу және ойын материалдары» ұсынылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын құралдармен және жиһаздармен жабдықтау нормалары» талаптарына сәйкес ұсынылған. Сонымен қатар **топтық бөлмеге арналған жабдық пен жиһаздар мәліметтер көрсетілген.**
Қағиданың 1 тарауының 9 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып

тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады» -деп көрсетілген. Мәліметтерді зерделей келе Қағиданың 1 тарауының 9 тармағы талабы толық орындалғаны анықталды.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1-қосымшасының 4 тармағына сәйкес «Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы» -94 %-4 балл.

**Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес жағдай жасау**

Аталған МДҰ-ның ұсынылған өзін-өзі бағалау анықтамасында: «2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің болмағаны анықталды.

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жағдайы.**

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры әдістемелік ұсынымның 5-қосымшасына сәйкес оқу әдістемелік кешендер тізімінің кестесі ұсынылған.

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер:





Балабақшада тәрбиешілерге арналған оқу-әдістемелік кешендерін әдістемелік ұсынымдарға арналған 5 қосымшасын сәйкес ұсынған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі - 94 % -4 балл.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген « Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» талаптарына **сәйкес келеді.**

**9.4** **баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;**

**Талдау нәтижесі:** ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-бақшасы ағымдағы оқу жылында және өткен 2 оқу жылы «Айгөлек» ересек тобындағы тәрбиеленушілерінің даму жоспарларының (карталарының) жұмыстары ұсынылған, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелерінде диагностиканың әр кезеңінен кейін ересектер тобы тәрбиеленушілерімен жеке түзету іс- шаралары жүргізілген.

2023-2024 оқу жылында «Айгөлек» ересек тобының 25 тәрбиеленушісінің даму жоспарларының (карталарының) жұмыстары ұсынылған, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларының (карталарынын) көшірмелерінде «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары

| | |
|---|---|
